

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»


16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫСЫ БАҚЫТ РҮСТЕМОВ - ВЬЕТНАМНЫҢ ЕҢ ЖАҚЫН ДОСЫ!



Ең алғаш Қазақстанға келіп Вьетнамның Төтенше және Өкілетті елшісі болып жұмыс атқарып жүрген кезімде, елшіліктің кітап қорынан ЦК КПВ бас хатшысының «Вьетнам жанару элемінде» атты қазақ тіліне аударылған жасыл кітабын көрдім. Кітапты оқысаңыз Вьетнамның дамуымен байланысты маңызды оқиғалармен таныс боласыз. Сонымен қатар, 1986 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Вьетнам компартиясы жүргізген «Дой-мой» тұжырымдамасын түсінесіздер. Бұл кітаптан еліміздің қалыптасу тұжырымдамасымен қатар дамуы туралы да оқуға болады. Қызығушылықпен, осы кітапты аударған Бақытқожа Рустемовпен таныстым. Ол кісі қазақ халықаралық публицистикасының классигі, қазақ ұлтының дипломатиялық үлгі тұтар академигі екен. Бақытқожа Вьетнамға жасаған сапары жайында бірнеше рет айтқан. Соншалықты ыстық ықыласпен, бар ынта-шынтасымен айтқанына қарап, ол кісі нағыз Вьетнамның досы, жанашыры екенін түсіндім. Вьетнамдағы жазушылар одағының төрағасы Хью Тхинь мырза, Вьетнамның астанасы Ханойда Бақыт Рустемовпен болған кездесу туралы маған былай айтқан болатын: « Ол Қазақстанның тәуелсіздігімен мақтанады. Өкінішке қарай, мен Қазақстанда бір рет те болмаппын, бірақ, оның әңгімелері маған кең даласының бар екенін білдіріп, жүрегіме

Қазақстанға деген махаббатты ұялатқанын байқадым».

Мен бұл аталған пікірлермен толықтай келістім. Менімен кездескен сәттерде Рустемов қазіргі уақытта Вьетнамның дамып жатқандығын қызыға жиі әңгімелейтін. Ол жазушы ретінде емес, Вьетнамның шын жанашыры, қамқоршысы, тілекшісі ретінде ниетін білдіріп отыратын. Міне, ол нағыз ұлт елшісі. Бақыт Рустемов Вьетнам халқымен ыстық қарым-қатынас орнату туралы да ұсыныс жасаған болатын. Осы үшін аса құрметті Бақыт Рустемовке шексіз алғысымды білдіремін.

Қазақстан мен Вьетнамның достық елшісі болып жұмыс жасау жағынан жолым болды. Мен Қазақстанда Бақыт Рустемов сынды қазақ деп, әлем достығы деп жаны қиналып, жүрегі ауыратын адамның болғандығы үшін бақыттымын. Адам өміріндегі 60 жыл, шығармашылығына 35 жыл адам үшін маңызды оқиға. Сол себепті де Бақыт Рустемовке, Вьетнамның нағыз досына мықты денсаулық, бақыт, шығармашылық табыстар тілеймін. Бұл менің және Вьетнам елінің сізге деген зор құрметтен, ыстық ықыластан туған тілегі деп түсініңіз.

Құрметпен,
Вьетнам Республикасының
Қазақстан Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі
Нгуен Ван Хоа